

**Шымкент қаласы білім басқармасының
«Политехникалық колледжі» МКҚК
«Бағдарламалау» бөлім жиналысының
№ 8 ХАТТАМАСЫ**

Өтілген күні: 08.04.2025 ж.

Өтілген орны: 215 кабинет

Қатысқандар: Бөлім оқытушылары мен қызметкерлері

Күн тәртібінде:

1. Қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және корпоративтік Әдеп кодексін сақтауын бақылауды қамтамасыз ету.
2. Бөлімше жұмысы барысында туындайтын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту жөніндегі шараларды үйлестіру.
3. Топ жетекшілерінің топ студенттерімен және олардың ата-аналарымен тығыз байланыста жұмыс жүргізуін қамтамасыз ету.
4. Өзге де туындаған мәселелерді қарастыру.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша: Досжанов Е. – бөлім меңгерушісі:

Ол өз сөзінде Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының негізгі талаптарына тоқталып, колледж қызметкерлерінің аталған заң аясында әрекет етуі маңызды екенін атап өтті. Сыбайлас жемқорлық — тек заң бұзушылық емес, сонымен қатар оқу үдерісіне, білім сапасына және оқу орнының беделіне тікелей кері әсер ететін жағымсыз құбылыс. Сондай-ақ, корпоративтік Әдеп кодексінің талаптары мен принциптері талқыланды. Бұл кодекс оқытушылардың кәсіби қызметіндегі этикалық нормаларды нақтылап, ішкі тәртіп пен моральдық жауапкершілікті қамтамасыз етеді.

Барлық қызметкерлерге Әдеп кодексімен танысу, оны қатаң сақтау, сонымен қатар студенттер арасында да әділеттілік, ашықтық және сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік қағидаларын насихаттау тапсырылды. Қызмет барысында туындауы мүмкін ықтимал заң бұзушылықтардың алдын алу үшін

ішкі тәртіп пен бақылау жүйесін күшейту, кез келген күмәнді жағдайларда бөлім меңгерушісіне немесе колледж әкімшілігіне жүгіну қажеттігі ескертілді.

2-мәселе бойынша:

Мамырбекова М. сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту бағытында бірқатар нақты ұсыныстар енгізді:

- Әр бөлімше мен циклдік комиссия деңгейінде ішкі бақылау тетіктерін жетілдіру;
- Құжат айналымының ашықтығын қамтамасыз ету (мысалы, бағалау, сынақ, емтихан нәтижелері);
- Оқу үдерісінде цифрландыру мүмкіндіктерін кеңінен қолдану арқылы адами факторды азайту;
- Қызметкерлер арасында тұрақты түрде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тренингтер, түсіндіру жұмыстары жүргізу.

Оқытушылардан әрқайсысы өз жұмысында этикалық және заңдық нормаларды басшылыққа алуы қажет екені ескертілді.

3-мәселе бойынша: Досжанов Е. — бөлім меңгерушісі:

Ол топ жетекшілерінің оқу жылы барысында атқарған жұмыс нәтижелеріне қысқаша шолу жасады. Студенттермен және олардың ата-аналарымен тығыз қарым-қатынас орнату — оқу-тәрбие үдерісінің негізгі компоненттерінің бірі екені атап өтілді.

- Әр топ жетекшісі өз студенттерінің оқу үлгерімі, сабаққа қатысуы, тәртібі, әлеуметтік жағдайы туралы нақты ақпаратқа ие болуы тиіс.
- Ата-аналармен жүйелі байланыс орнатылып, олардың студенттің оқуына белсенді араласуы үшін түрлі онлайн/офлайн кездесулер өткізілуі керек.
- Превентивтік жұмыстарды күшейтіп, жастар арасында жағымсыз мінез-құлықтың алдын алу шараларын ұйымдастыру қажет.

4-мәселе бойынша:

Оқытушылар тарапынан бірқатар ұсыныстар айтылды:

- Сессия кезінде студенттердің әділ бағалануы үшін бақылау тетіктерін күшейту;
- Колледж ішінде ішкі мәдени ортаны нығайту үшін бірлескен жоспар жасау; ұжымдық іс-шаралар өткізу ұсынылды.

Қаулы етілді:

1. Барлық қызметкерлер сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мен Әдеп кодексі талаптарын қатаң сақтауға міндеттелсін.
2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және жою мақсатында бақылау тетіктері жетілдірілсін.
3. Топ жетекшілері студенттермен және ата-аналармен тығыз байланыс орнатуды тұрақты түрде жалғастырсын.
4. Оқытушылардан келіп түскен ұсыныстар талданып, іске асыру бойынша шаралар қабылданын.
5. Жиналыс хаттамасы барлық оқытушыларға танысу үшін электронды түрде жолданын.

Бөлім меңгерушісі:









Хатшы:



[Signature] Досжанов Е.

[Signature] Мамырбекова М.

«Бағдарламалау» бөлімінің жиналыс хаттамасының қаулысымен
танысқандығы туралы

№	Оқытушының аты-жөні	Танысқандығы белгі	туралы
1.	Ахметалиева Эльмира Исламбековна		
2.	Әмірбекова Толқын Алданазарқызы		
3.	Давлетова Индира Аппакуловна		
4.	Едилбаева Эльмира Сайдуллаевна		
5.	Есболғанова Салтанат Тұрлыбайқызы		
6.	Жұмабаева Меруерт Абдирахымовна		
7.	Мамырбекова Маржан Бакбергеневна		
8.	Молдашимова Мира Абиловна		
9.	Мусабекова Нургуль Абылхаковна		
10.	Сырабекова Гулдана Ахатбекқызы		
11.	Шайым Динара Қайратқызы		
12.	Бектасов Береке Тұрапұлы		
13.	Адасаов Икрам Манасович		
14.	Альмұрат Мухамедасад Ажимуратұлы		
15.			
16.			
17.			
18.			
19.			
20.			
21.			
22.			
23.			
24.			
25.			
26.			
27.			
28.			
29.			
30.			

